

# Кітапхана – рухани құндылықтар ордасы

Кітап – білім бұлағы болса, кітапхана рухани қазына ордасы. Қазіргі технология дамыған заманда оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын ояту аса маңызды болып отыр. Кітап оқытындардың санын арттыру мақсатында үнемі жаңа идеялар мен креативті шешімдер табу керек. Кітапханада оқырмандардың белсенділігі, үйірме жұмысы, кітапхана активінің үлгісі, адамдардың қарым-қатынасы үшін өте керекті жұмыс. Сонымен қатар өскелең ұрпақты кітап оқуға баулу мақсатында әр түрлі жобалар, үйірмелер ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде «Жастарға жаңаша лайфхак» үйірмесі, «Жанашыр» жобасы, «Арай» ашық сырласу клубы, және де басқа клуб, үйірме жұмыстары жастарды қолдауға бағытталған.

Бүгінде ұлттық қолөнер оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің бірден – бір құралына айналуға. «Жастарға жаңаша - лайфхак» үйірмесі 16 жастан жоғары оқырмандармен жұмыс жүргізеді. Үйірме мүшелігінде жылдың құралған жұмыс жоспары бойынша үйірме жетекшісі мен 5 құрам мүшелері сайланады. «Жастарға жаңаша- лайфхак» үйірмесі 2021 жылы бастау алды. Үйірме жұмысы жылына 5 рет өткізіледі. Үйірме жетекшісі мен мүшелері жыл басында бас қосып, жиналыс барысында жұмыс жоспары талқыланады.

Мақсаты: әртүрлі кеңестер мен айлалы трюктар арқасында қыр – сырға толы өмірде көзделген мақсатқа жетуді оңайлататын жолдар мен әдістер. Басқаша айтқанда күнделікті проблемаларды тапқырлықпен шешу.

Кітапханадағы оқырманды зерттеу, балалардың психологиясы жөніндегі деректерге негізделеді. Оқу мен тәрбиені біріктіру, әр жастағы балалардың тобын жіктеп оқыту, олардың мүмкіншіліктеріне қарай бейімдеп оқыту. Осыған байланысты С.Сейфуллин атындағы кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде мүмкіншілігі шектеулі оқырмандарға арнап «Жанашыр» клубы ашылды. Біздің кітапхананың ең маңызды фактілерінің бірі мүмкіншілігі шектеулі оқырмандармен жұмыс. Бұл жағдайда кітапхана жаңа өмірге жол ашып қана қоймай, қызықты кітаптармен музыкалық кештер ұйымдастырып, оқырмандардың көңіл күйін сергітуге көмектеседі.

Бұл жоба біздің кітапханада 2018 жылдан бастау алып, қазіргі кезге дейін қызмет етіп келеді.

Жоба екі бағытта жүзеге асырылатын болады: мүмкіншілігі шектеулі оқырмандардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған және жасы келген қарт кісілерге сұраған кітаптарын жеткізіп беру.

«Арай» ашық сырласу клубы 1993 жылдан бастап жұмысын атқарып келеді. Клуб отырысы тоқсанына бір рет өтеді. Жоспардан тыс шығармашылық, тәрбие кештері клуб мүшелерімен бірге ақылдасып өткізіледі. Клуб басшылығын қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі және осы бөлімнің кітапханашылары орындайды. Клуб басшылығы жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарын құрады, клуб мүшелері арасында тапсырмаларды бөледі. Клубтың мақсаты: жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу, тұрпайы тәртіпсіздікке жол бермеуге, жаман жолдан аулақ ұстау, рухани әңгіме, кездесулерге жағдай жасау, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сонау XIX ғасырдан бері ғұламалар мұрасын ғасырдан ғасырға дейін сақтап, талай оқырман үшін білім ордасы болған киелі шаңырақ бүгінде жаңа заман талаптарына сай қызмет көрсетуде. Жалпы оқырман сұранымына жауап беретін ақпараттық орталық ретінде кітапхананың алатын орны ерекше.

**Сатбаева Ботагөз,**

**«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ  
Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы**